«Қ.И.СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

РЕЦЕНЗИЯ

бойынша Дипломдық жоба
(жұмыс түрінің атауы)

Шүйінібай Арман Мұратұлы
(Білім алушының Т. А. Ә.)

6В07306 Инженерлік жүйе және желілер
(Шифр және ББ атауы)

Тақырып бойынша: Астана қаласындағы "Madrid" тұрғын үйін сумен қамтамасыз ету және күріз жүйелерін модернизациялау

Орындалды:
а) Графикалық бөлім 5 парақтарда
б) түсіндірме жазба 35 беттерінде

ЖҰМЫСҚА ЕСКЕРТУЛЕР

Дипломдық жобадағы есептеу тапсырма мен жобадағы нормаларға сәйкес толық көлемде орындалды. Жобада тұрғын үйдің су тұтыну көлемі, қажетті су қысымы, орташа тәулік су шығыны және тұрмыстық-ауыздағы суларды қабылдау көлемі ШНжЕ нормаларға сәйкес өзіндік дұрыс есептелген. Ішкі және сыртқы су құбырларының екі сызығы, диаметрі, материалдары және монтаж жүйелері дұрыс таңдалған.

Жұмысты бағалау

Дипломдық жоба 86 балдық (В+) рейтингі жүйесі бойынша жүзеге асырылады. Бағалау әдісі жобаны дипломант Шүйінібай А.М. 6В07306 Инженерлік жүйе және желілер мамандығы бойынша бакалавр білімгерінің портфолиосында.

Рецензент
т.ғ.к., доцент. профф.
(лауазымы, оқу дәрежесі, атағы)
Асылов Р.Т.
(қолы) Т.А.Ә.
«09» 06 2025 ж.

«Қ.И.СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ ПІКІРІ

бойынша дипломдық жоба.
(жұмыс түрінің атауы)

Шүйінішбай Арман Мұратұлы
(Білім алушының Т. А. Ә.)

6В07306 - Инженерлік жүйе және желілер
(Шифр және ББ атауы)

Тақырып:
«Астана қаласындағы "Madrid" тұрғын үйін сумен жабдықтау және кәріз жүйелерін жобалау

Студент жобалау барысында сумен жабдықтау және кәріз жүйелерінің заманауи сызбаларын құрастырып, қажетті есептеулерді орындап, құрылғылар мен материалдарды дұрыс таңдай білді. Су тұтыну нормаларын, қысым есебін, құбыр диаметрлерін анықтау және гидравликалық есептеулер нақты инженерлік есептерге негізделген.
Дипломдық жоба 96 балдық (B+) рейтінг жүйе бойынша жүзеге асырылады. Бағалау өте жақсы дипломат Шүйінішбай А.М. 6В07306 Инженерлік жүйе және желілері мамандығы бойынша бакалавр біліктілігі тағайындалады.

Ғылыми жетекші
т.ғ.к., доцент, проф
(лауазымы, оқу дәрежесі, атағы)
Хосаинов А.Н.
Т.А.Ә.
(қолы)
«05» 06 2025 ж.

Университеттің жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаменті директорының ұқсастық есебіне талдау хаттамасы

Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры көрсетілген еңбекке қатысты дайындалған Плагиаттың алдын алу және анықтау жүйесінің толық ұқсастық есебімен танысқанын мәлімдейді:

Автор: Шүіншібай Арман

Тақырыбы: 1_Шүіншібай Арман дипломдық жұмыс (1)

Жетекшісі: Куляш Нурпеисова

1-ұқсастық коэффициенті (30): 0.9

2-ұқсастық коэффициенті (5): 0.5

Дәйексөз (35): 1.2

Әріптерді ауыстыру: 9

Аралықтар: 4

Шағын кеңістіктер: 5

Ақ белгілер: 0

Ұқсастық есебін талдай отырып, Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры келесі шешімдерді мәлімдейді :

☑ Ғылыми еңбекте табылған ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді. Осыған байланысты жұмыс өз бетінше жазылған болып санала отырып, қорғауға жіберіледі.

☐ Осы жұмыстағы ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді, бірақ олардың шамадан тыс көптігі еңбектің құндылығына және автордың ғылыми жұмысты өзі жазғанына қатысты күмән тудырады. Осыған байланысты ұқсастықтарды шектеу мақсатында жұмыс қайта өңдеуге жіберілсін.

☐ Еңбекте анықталған ұқсастықтар жосықсыз және плагиаттың белгілері болып саналады немесе мәтіндері қасақана бұрмаланып плагиат белгілері жасырылған. Осыған байланысты жұмыс қорғауға жіберілмейді.

Негіздеме:

Күні 30.05.2025 *Кафедра меңгерушісі* Адимова К.Р.

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Шүіншібай Арман

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: 1_Шүіншібай Арман дипломдық жұмыс (1)

Научный руководитель: Куляш Нурпеисова

Коэффициент Подобия 1: 0.9

Коэффициент Подобия 2: 0.5

Микропробелы: 5

Знаки из здругих алфавитов: 9

Интервалы: 4

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

☑ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.

☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.

☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

☐ Обоснование:

Дата 30.05.2025

Заведующий кафедрой

Асенова С.Р.

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Шүіншібай Арман

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: 1_Шүіншібай Арман дипломдық жұмыс (1)

Научный руководитель: Куляш Нурпеисова

Коэффициент Подобия 1: 0.9

Коэффициент Подобия 2: 0.5

Микропробелы: 5

Знаки из здругих алфавитов: 9

Интервалы: 4

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

☑ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.

☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.

☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

☐ Обоснование:

Дата

30.05.2025

проверяющий эксперт

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғам

Т.Қ. Басенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

«Инженерлік жүйелер және желілер» кафедрасы

6В07306 –Инженерлік жүйелер және желілер

Шүіншібай Арман Мұратұлы

«Астана қаласындағы “Madrid” тұрғын үйін сумен жабдықтау және кәріз жүйелерін жобалау»

Дипломдық жобаға
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

6В07306 –Инженерлік жүйелер және желілер

Алматы 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғам

Т.Қ. Басенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

«Инженерлік жүйелер және желілер» кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
ИЖжЖ кафедра меңгерушісі
техн.ғыл.канд., қауым. проф.
_____ К.К. Алимова
«09» _____06_____2025ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Тақырыбы: «Астана қаласындағы “Madrid” тұрғын үйін сумен жабдықтау___ және кәріз жүйелерін жобалау»

6В07306 –Инженерлік жүйелер және желілер

Орындаған Шүіншібай А.М.

Рецензент
_____
"09" 06 2025 ж

Жетекші
техн.ғыл.канд., қауым.проф.
_____Хойшиев А.Н.
"09" 06 2025 ж

Алматы 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Басенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

«Инженерлік жүйелер және желілер» кафедрасы

БЕКІТЕМІН
ИЖжЖ кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. канд., қауым. проф.
_____ К.К. Алимова
«09» 06 2025ж.

Дипломдық жобаны орындауға арналған
ТАПСЫРМА

Білім алушы *Шүіншібай Арман Мұратұлы*
Тақырыбы: *Астана қаласындағы "Madrid" тұрғын үйін сумен жабдықтау және кәріз жүйелерін жобалау*
Академиялық мәселелер жөніндегі проректордың 2025 жылғы «29» қантар №26-П/Ө бұйрығымен бекітілген.
Аяқталған жұмыстың тапсыру мерзімі *«26» Мамыр 2025ж*
Дипломдық жобаның бастапқы мәліметтері: *Ғимарат қабаттарының жоспарлары, қарастырылып отырған қаланың климатологиялық деректері.*
Дипломдық жобада әзірлеуге жататын мәселелер тізімі:
а) Негізгі бөлім;
б) Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы;
в) Экономика.
Графикалық материалдар тізімі (міндетті сызбаларды дәл көрсете отырып): *1)Жертөле жоспары 2) Типтік қабат жоспары 3) Салқын және ыстық су жүйесінің аксонометриясы 4)Су әкету жүйесінің аксонометриясы 5) Технологиялық карта*
Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: *10 атаудан*

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдердің атауы, зерттеп дайындалатын мәселелер тізімі	**Жетекшіге ұсыну мерзімдері**	**Ескерту**
Негізгі бөлім	03.02.2025 – 31.03.2025	орындалды
Құрылыс жинақтау жұмыс-тарының технологиясы	01.04.2025 – 15.04.2025	орындалды
Экономика	16.04.2025 – 29.05.2025	орындалды

Аяқталған дипломдық жоба үшін, оған қатысты бөлімдердің жобасын көрсетумен, кеңесшілер мен норма бақылаушының қойған
қолдары

Бөлімдер атауы	**Кеңесшілер, тегі, аты, әкесінің аты, (ғылыми дәрежесі, атағы)**	**Қол қойылған күні**	**Қолы**
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	К.М.Нурпеисова техн. ғыл. канд., қауым. проф.	16.04.25	
Экономика	А.Н.Хойшиев техн. ғыл. канд., қауым. проф.	30.04.25	
Норма бақылаушы	А.Н.Хойшиев техн. ғыл. канд., қауым. проф.	03.05.25	

Жетекші _____ Хойшиев А.Н.

Білім алушы тапсырманы орындауға алды _____ Шүіншібай А.М.

Күні «03» 02 2025ж.

АҢДАТПА

Бұл дипломдық жобада Астана қаласындағы “Madrid” тұрғын үй кешенін сумен жабдықтау және кәріз жүйелері қарастырылады. Жоба мақсаты – нысанды ауыз сумен сенімді түрде қамтамасыз етіп, тұрмыстық ағын суларды тиімді және қауіпсіз түрде сыртқа шығару жүйесін жобалау.

Жұмыста су көзін таңдау, ішкі және сыртқы су құбырларының сызбаларын жасау, су тұтыну көлемін есептеу, өртке қарсы және техникалық қажеттіліктерді қамтамасыз ету шаралары қамтылады. Сонымен қатар, кәріз жүйесінің элементтері: тұрмыстық-Сарқынды сулардың көлемі, құбыр диаметрлері мен еңістіктері есептеліп, нормативтік талаптарға сәйкестігі қарастырылады. Жобалау барысында санитарлық-техникалық ережелер мен құрылыс нормаларына сүйеніліп, заманауи, тиімді инженерлік шешімдер ұсынылады.

АННОТАЦИЯ

В данном дипломном проекте рассматриваются системы водоснабжения и канализации жилого комплекса “Madrid” в городе Астане. Цель проекта- Проектирование эффективной и безопасной системы отвода бытовых сточных вод с надежным обеспечением объекта питьевой водой. Работа включает в себя выбор источника воды, составление чертежей внутренних и наружных водопроводов, расчет объема водопотребления, меры по обеспечению противопожарных и технических потребностей.

Кроме того, учитываются элементы канализационной системы: объем бытовых сточных вод, диаметры и уклоны труб, предусматривается соответствие нормативным требованиям. В процессе проектирования предлагаются современные, эффективные инженерные решения, опирающиеся на санитарно-технические правила и строительные нормы

ABSTRACT

In this graduation project, the water supply and sewerage systems of the residential complex “Madrid” in Astana are considered. The aim of the project is to design a system for efficient and safe outflow of domestic wastewater, providing the facility with reliable drinking water.

The work covers the selection of a water source, drawing up drawings of internal and external water pipes, calculating the volume of water consumption, measures to ensure fire and technical needs. In addition, the elements of the sewer system: the volume of domestic and sewage, pipe diameters and slopes are calculated and considered for compliance with regulatory requirements. The design process is based on sanitary and technical regulations and building codes and offers modern, effective engineering solutions.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

Көпқабатты тұрғын үйлердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелері қазіргі заманғы ғимараттардың негізгі инженерлік инфрақұрылымдарын құрайды. Бұл жүйелер тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған, себебі дұрыс ұйымдастырылған су жүйелері ғимараттың жайлы әрі қауіпсіз болуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, сумен жабдықтау мен су бұру жүйелерінің жұмыс тиімділігі ғимараттың қызмет көрсету мерзімін ұзартуға, эксплуатациялық шығындарды азайтуға, экологиялық таза орта құруға және тұрғындардың денсаулығын қорғауға ықпал етеді.

Қазіргі таңда 14 қабатты көпқабатты тұрғын үйлерде сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің құрылысын жобалау мен орнату ерекше назар аударуды талап етеді. Мұндай ғимараттарда су беру мен су бұру жүйелерінің үздіксіз және қауіпсіз жұмыс істеуі қажет. Бұл ғимараттардың әр қабатында тұрғындарға қажетті су қысымын, Сарқынды суларды тиімді жою және санитариялық нормаларды сақтау үшін арнайы жабдықтар мен жүйелер қолданылуы тиіс.

Сумен жабдықтау жүйесі тұрғын үйге таза ауыз суын жеткізу үшін қала су құбырынан немесе жеке су көзінен сумен қамтамасыз етеді. Су қысымы мен Сарқынды судың көлемі дұрыс реттелген жағдайда ғана ғимараттың әр қабатындағы тұрғындар үздіксіз суға қол жеткізе алады. Бұл үшін әр қабатта арнайы насос станциялары мен су жинақтайтын резервуарлар орнатылады. Сонымен қатар, жүйе ақауларды болдырмау үшін автоматты басқару жүйелерімен жабдықталуы мүмкін.

Ал су бұру жүйесі, өз кезегінде, ғимараттан Сарқынды суларды тиімді әрі экологиялық таза жолмен шығаруды қамтамасыз етеді. Бұл жүйеде кәріз құбырлары мен арматуралар арқылы барлық тұрмыстық және санитариялық сулар сыртқа жіберіледі. Су бұру жүйесін дұрыс жобалау мен орнату санитариялық талаптарға сәйкес жүргізілуі керек, себебі жүйенің жұмысындағы ақаулар тұрғындардың денсаулығына зиян келтіруі мүмкін.

Бұл жұмыста көпқабатты тұрғын үйдің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін жобалау мен орнату кезінде қолданылатын негізгі нормативтік құжаттар мен стандарттар, сондай-ақ техникалық талаптар қарастырылады. Сонымен қатар, сумен жабдықтау мен су бұру жүйелерінің тиімділігін арттыру үшін қолданылатын жаңа технологиялар мен әдістерге де назар аударылады. Осы зерттеу жұмысы арқылы көпқабатты тұрғын үйлердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды анықтау көзделген.

1 Негізгі бөлім

1.1 Жалпы мәлімет

Ғимаратты сумен қамту және су әкету жүйесін жобалау үшін бастапқы мәліметтерді қабылдаймыз:

Жобалау ауданы – Астана қаласы

- Ғимарат аталуы – “Madrid” тұрғын үйі
- Қабат саны – 14
- Бірінші қабат деңгейі – +0,000
- Жертөле деңгейі - -2,500
- Қабат биіктігі – 3,000
- Жертөле биіктігі – 2,500
- Ғимарат биіктігі – 42 м

Бұл дипломдық жоба сәулет - құрылыс сызбалары, ыстық және суық сумен жабдықтаудың аксонометриялық схемалары және қолданыстағы нормативтік құжаттар негізінде әзірленді.

Жобаланатын “Madrid” тұрғын үй кешені Астана қаласында орналасқан және 1 секциядан тұратын көп қабатты тұрғын комплекс болып табылады: бірінші секция – 14 қабат.

Астана – Қазақстан республикасының мәдени орталығы және астанасы. Қалада көптеген саяси маңызы бар үкімет ғимараттары, халықаралық компаниялардың өкілдіктері, ірі банктер және университеттер орналасқан.

Астана қаласы Қазақстанның солтүстік бөлігінде Сарыарқаның жазық даласында, Есіл өзенінің бойында орналасқан. Әкімшілік 5 ауданнан тұрады(Алматы, Есіл, Сарайшық, Сарыарқа, Байқоңыр). 2024 жылғы мәліметтер бойынша халық саны 1,5 млн – нан астам, Астана қаласы саяси және экономикалық маңызды қала болғандықтан халық саны қарқынды өсуде. Сондықтан “Madrid” тұрғын үй кешені секілді биік ғимараттар жыл санап өсуде. Сол себепті көп қабатты тұрғын үйлерге мән беріп, сумен қамту және су әкету жүйесі экономикалық және техникалық шарттарға сай жобалаймын.

1.2 Климаттық жағдайы

Астана қаласы- Қазақстанның солтүстік бөлігінде орналасқан, қысы аса суық континиентальды климатты, ерекше қала. ҚР БК сәйкес 2.04-01-2017 "құрылыс климатологиясы", аймақтың климаттық жағдайлары ғимараттар мен құрылыстарды жобалауға және салуға ерекше талаптар қойылады. Астананың температуралық режимі айтарлықтай ауытқулар болып тұрады. Абсолютті минималды температура -51,6 °C, ал максимум — +41,6 °C. ең суық айдың (қаңтардың) орташа температурасы -16,6 °C, ал ең жылы Айдың (шілденің) температурасы +20,6 °C.

Астанадағы жел режимі де ғимараттарды жобалау кезінде маңызды фактор болып табылады. Қала үшін желдің негізгі жылдамдығы - 23 м/с.Бұл мен ғимараттар мен құрылыстарға, әсіресе биік ғимараттарға жел жүктемелерін есептеу кезінде ескеріледі.

Астанада жылдық жауын-шашын мөлшері шамамен 300 мм құрайды. Қыста жауын-шашын негізінен қармен қамтамасыз етіледі, бұл ғимараттардың шатырларына қар жүктемесін есептеуге әсер етеді. Астанада топырақтың маусымдық қату тереңдігі 2,4 м-ге жетеді. Инженерлік коммуникациялар үшін қосымша жылуоқшаулағыштар қарастырылады.

Астана қаласының климаттық ерекшеліктерінің бірі – жыл бойына байқалатын жел режимінің қарқындылығы мен бағыттарының айқын басымдылығы. Географиялық орналасуы мен жер бедерінің сипатына байланысты қалада желдер жиі және айтарлықтай күшті сипатта соғады.

Жылдың көп бөлігінде солтүстік (N), солтүстік-батыс (NW) және оңтүстік-батыс (SW) бағыттарынан соғатын желдер басым болады. Алайда, олардың ішінде оңтүстік-батыс бағытындағы желдер жиілігімен және қарқындылығымен ерекше көзге түседі. Бұл бағыттан келетін ауа ағындары, әсіресе қысқы және көктемгі мезгілдерде, айтарлықтай жоғары жылдамдықпен соғып, қаланың метеорологиялық жағдайларына елеулі әсер етеді. Бұл желдер атмосфераның төменгі қабаттарындағы ауа алмасуын күшейтіп, температуралық режим мен ылғалдылық деңгейіне ықпал етеді.

Астана қаласында ең жиі соғатын желдер бағыты – оңтүстік-батыс (20%) және оңтүстік бағыттарынан: оның тұрақтылығы желтоқсан айында 30 – ға дейін барады, оңтүстік-батыс және оңтүстік бағыттарындағы желдерге қатысты, салыстырмалы түрде жоғары мәндермен сипатталады. Мұндай жағдайдың қалыптасуы қала орналасқан кең жазықтықты, ашық дала ландшафтымен, сондай-ақ жел қозғалысына кедергі келтіретін табиғи тосқауылдардың (таулар, ормандар және т.б.) болмауымен тікелей байланысты.

Астана қаласының жел раушаны 1.1 – суретте көрсетілген. Жел раушаны желдің бағыты мен жиілігінің таралуын көрсететін диаграмма.



1.1 – сурет-Астана қаласының жел раушаны

Астана қаласының геологиялық топырақ сазды – құмды келеді, яңни топырақтын көтергіш қаситеті әлсіз және орташа. Қысқы уақытта жердің қату қабілетіне бейім, қату деңгейі 2,4 метрге дейін барады. Сондықтан инженерлік коммуникацияларды жобалау кезінде ескеру қажет маңызды ақпарат.

1.3 Судың жалпы шығынын есептеу

Сумен жабдықтау және су әкету жүйелерін жобалауда; гидравликалық есеп, сантехникалық приборларды таңдау есептердің соңынды жүргізіледі.

Мен төменде көрсетілген формуланы қолдана отырып, жобалық аймақта максималды есепті ыстық және суық су құбырларының су шығынын анықтадым:

$$q = 5q^0 \cdot a. \qquad (1.1)$$

$$q = 5 \cdot 0{,}3 \cdot 1{,}604 = 2{,}406 \text{ л/с}$$

мұндағы q^0 – ең көп өткізгіштік қаситеті бар сантехникалық прибордың секундтық шығыны, л/с;

а - есептелген аумақтағы құрылғылардың жалпы санына және олардың әрекет ету ықтималдығына байланысты коэффициент.

Кейінірек мен төменде көрсетілген формула арқылы барлық құрылғылардың әрекет ету ықтималдығын табамын:

$$P = \frac{\mathrm{U} \cdot \mathrm{q_{hr,u}}}{3600 \cdot N \cdot q0} \qquad (1.2)$$

мұндағы $q_{hr,u}$ - ең жоғары тұтыну сағатындағы суды тұтынушының суық суды тұтыну нормасы, л/тәул ;

N – приборлар саны, N = 294;

U – тұрғындар саны, U = 168.

А қосымшасына сәйкес бір тұтынушыға ең көп су тұтынудың сағатына су шығыны $q_{hr,u}$ = 15,6 л/с деп алдым.

Суық су үшін бір секундатағы тұтынылуы $q_0{}^{tot}$ = 0,3 л/с , ал ыстық судың бір секундтағы тұтынылуы $q_0{}^{h} = q0{}^{c}$ = 0,2 л/с болады.

Әрбір секция үшін санитарлық приборлардың жұмыс істеу ықтималдығын анықтап аламын(1—22 секция үшін ықтималдылық):

$$\mathrm{P} = \frac{168 \cdot 15{,}6}{0{,}3 \cdot 3600 \cdot 296} = 0{,}008$$

Бір сағаттың ішінде санитарлық приборлардың қолданылуы ықтималдылығын келесі формуламен анықтадым:

$$P = \frac{3600 \cdot P \cdot q0}{qhr, u} \quad (1.3)$$

$$P = \frac{3600 \cdot 0{,}008 \cdot 0{,}3}{300} = 0{,}0028$$

мұндағы $q_{0,hr}$ – санитарлық прибордың бір сағаттық шығыны, л/сағ .

Мен тәуліктің су шығынын төменде көрсетілген формуламен анықтадым:

$$Qсут = \frac{U \cdot qu}{1000} \quad (1.4)$$

$$Q_{сут} = \frac{168 \cdot 207}{1000} = 34{,}776 \frac{м3}{тәулік}$$

$$Qtot = \frac{U \cdot qu}{1000} \quad (1.5)$$

$$Qtot = \frac{168 \cdot 250}{1000} = 42 \frac{м3}{тәулік}$$

$$Qh = \frac{U \cdot qu}{1000} \quad (1.6)$$

$$Q^h = \frac{168 \cdot 85}{1000} = 14{,}28 \frac{м3}{тәулік}$$

$$Qc = \frac{U \cdot qu}{1000} \quad (1.7)$$

$$Q^c = \frac{168 \cdot 165}{1000} = 27{,}72 \frac{м3}{тәулік}$$

мұндағы qu – тәуліктік су шығын нормасы.

Ал сағаттық су шығыны келесі формуламен анықталады:

$$QT = \frac{Qсут}{T} \quad (1.8)$$

$$Q_T = \frac{34{,}776}{24} = 1{,}449 \frac{м3}{тәулік}$$

$$q_T^{tot} = \frac{42}{24} = 1{,}75 \ \frac{м3}{тәулік}$$

$$q_T^{h} = \frac{14{,}28}{24} = 0{,}595 \ \frac{м3}{тәулік}$$

$$q_T^{c} = \frac{27{,}72}{24} = 1{,}155 \ \frac{м3}{тәулік}$$

мұндағы Т – тәуліктің ішіндегі су шығыны.

Максималды сағатты су шығыны:

$$q_{hr}{}^{tot} = 0.005 \cdot q_{0,hr}{}^{tot} \cdot a_{hr} \qquad (1.9)$$

мұндағы a_{hr} = 9,707, себебі $P_{hr}N$ = 31,111.

$$q_{hr}{}^{tot} = 0.005 \cdot 300 \cdot 9{,}707 = 14{,}56$$

Төменде көрсетілген мәліметтерді қолдана отырып суық судың шығынын анықтадым:

-суық суды пайдаланатын приборлар саны N = 126;

-бір секундтағы су шығыны $q_0{}^C$ = 0,2 л/с .

-максималды бір сагаттағы су шығыны $q_{0.hr}{}^C$ = 200 л/сағ .

$$P = \frac{5{,}865 \cdot 168}{3600 \cdot 0{,}2 \cdot 294} = 0{,}0046$$

$$\mathrm{Phr} = \frac{3600 \ \cdot \ \mathrm{P} \ \cdot q0c}{\mathrm{q0.hr\ C}} \qquad (1.10)$$

$$P_{hr} = \frac{3600 \cdot 0{,}0046 \cdot 0{,}2}{200} = 0{,}0165$$

$$q = 5 \cdot q_0{}^C \cdot a \qquad (1.11)$$

$$q = 5 \cdot q_0{}^C \cdot a = 5 \cdot 0{,}2 \cdot 2{,}490 = 2{,}49$$

мұндағы а = 2, 49 себебі PN = 4,851,

$$q_{hr}{}^{tot} = 0.005 \cdot q0{,}hr\ c \cdot ahr \qquad (1.12)$$

$$q_{hr}{}^{tot} = 0.005 \cdot 200 \cdot 5.824 = 5.824 \text{ л с},$$

мұндағы a_{hr} = 5.824, себебі P_{hr}N = 16.011.

Төменде көрсетілген мәліметтерді қолдана отырып ыстық судың шығынын анықтадым:

-ыстық суды пайдаланатын приборлар саны N = 210;

-бір секундтағы су шығыны $q_0{}^C$ = 0,2 л/с .

-максималды бір сагаттағы су шығыны $q_{0.hr}{}^C$ = 200 л/сағ .

$$P = \frac{168 \cdot 10}{0{,}2 \cdot 3600 \cdot 210} = 0{,}011,$$

$$\mathrm{Phr} = \frac{3600 \cdot \mathrm{P} \cdot q0c}{\mathrm{q0.hr\ C}} \qquad (1.13)$$

$$P_{hr} = \frac{3600 \cdot 0{,}011 \cdot 0{,}2}{200} = 0{,}0396$$

$$q = 5 \cdot q_0{}^C \cdot a \qquad (1.14)$$

$$q = 5 \cdot 200 \cdot 1{,}563 = 1563 \text{ л/с}$$

мұндағы a = 1,563, себебі PN = 2,31

$$q_{hr}{}^{tot} = 0.005 \cdot q0{,}hr\ c \cdot ahr \qquad (1.15)$$

$$q_{hr}{}^{tot} = 0.005 \cdot 200 \cdot 3.616 = 3{,}616 \text{ л с}$$

мұндағы ahr = 3,616, себебі PhrN = 8,316.

1.4 Салқын сумен жабдықтау үшін гидравликаны есептеу

Дипломдық жобада құбырлар жүйесі үшін төменгі сызба бойымен ішкі сумен қамту жүйесінің тұйықталған құрылымы қарастырылған. Құбырлар жүйедегі суды ағызып жіберу мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында енгізу жағына қарай 0,002 еңіспен төселеді.

Гидравликалық есептеулер берілген су тұтыну шамалары үшін құбыр желісіндегі қысымның төмендеуін, сондай-ақ ең тиімді құбыр диаметрлерін анықтау үшін жүргізіледі. Барлық су тарату желілері максималды секундтық шығындарды өткізе алатындай етіп есептелген.

Аталған есептеулер аксонометриялық сызбаға сәйкес төмендегі тәртіппен орындалды:

а)есептік учаскедегі құрал-саймандар саны (N) анықталды;

б) санитарлық жабдықтардың жұмыс істеу ықтималдығы (P) есептелді;

в) а коэффициенті айқындалды;

г) желідегі суық және ыстық судың есептік ағын шамалары анықталды;

д)құбыр ішіндегі судың ағым жылдамдығының (v, м/с) 0,8–1,2 м/с аралығында болуына сәйкес, қажетті құбыр диаметрлері (d, мм) таңдалды;

е) алынған мәліметтер кестелік түрде жинақталды.

Аксонометриялық схема негізінде қалалық су жүйесінен ең қашықтағы санитарлық құрылғыға дейінгі есептік желі белгіленді. 13 диктанттық құралдан тұратын В1-1 тік құбырына орнатылған раковина ең алыс құрылғы ретінде қабылданды. Қалған түйіндер су ағымы өзгеретін тармақталған жерлерде есептік ретінде алынды.

Құбыр диаметрі мен әрбір учаскедегі қысым жоғалуы нақты есептік шығынға байланысты бөлек айқындалды. Су желісінің диаметрлері жүйедегі максималды қысым шығынын және ұсынылған ағын жылдамдығын (0,7–1,2 м/с) ескере отырып таңдалды. Қысым жоғалуы құбыр материалының бетінің кедір-бұдырлығы мен судың тұтқырлығының әсерін ескерумен есептелді.

Ішкі су құбыры жүйесіне арналған есептеулерде су тұтынудың нормативтік мәндері негізге алынды. Барлық есептеулер тиісті кестелерде жүйеленді.

Аксонометриялық жүйе бірізді түрде жалғанған сегіз тік құбырдан тұратын негізгі магистральдарға құрылған. Тік құбырлар арқылы ыстық судың берілуі жоғарыдан төменге қарай жүзеге асырылады.

Кесте 1.1 – Салқын сумен жабдықтау жүйесінің гидравликалық есебі

Учаске нөмірі	N	P	NP	a	q	d	v
1--2	3	0,008	0,025	0,226	0,339	25	0,69096
2--3	6	0,008	0,050	0,271	0,4065	25	0,82854
3--4	9	0,008	0,074	0,309	0,4635	25	0,94471
4--5	12	0,008	0,099	0,343	0,5145	32	0,64005
5--6	15	0,008	0,124	0,373	0,5595	32	0,69603
6--7	18	0,008	0,149	0,389	0,5835	32	0,72589
7--8	21	0,008	0,173	0,425	0,6375	32	0,79307
8--9	24	0,008	0,198	0,449	0,6735	32	0,83785
9--10	27	0,008	0,223	0,467	0,7005	40	0,55772
10--11	30	0,008	0,248	0,493	0,7395	40	0,58877
11--12	33	0,008	0,272	0,51	0,765	40	0,60908
12--13	36	0,008	0,297	0,534	0,801	50	0,40815
13--14	39	0,008	0,322	0,55	0,825	50	0,42038
14--15	42	0,008	0,347	0,573	0,8595	50	0,43796
15--16	98	0,008	0,809	0,86	1,29	63	0,41404
16--17	112	0,008	0,924	0,927	1,3905	63	0,44629
17--18	154	0,008	1,271	1,12	1,68	63	0,53921
18--19	196	0,008	1,618	1,261	1,8915	75	0,42837
19--20	238	0,008	1,964	1,416	2,124	75	0,48102
20--21	252	0,008	2,080	1,437	2,1555	90	0,339
21--22	294	0,008	2,427	1,604	2,406	90	0,37839

1.5 Ыстық сумен жабдықтау үшін гидравликаны есептеу

Осы дипломдық жұмыста Жобаланатын “Madrid” тұрғын үй кешенінің 1 секциядан қарастырылған – 14 қабатта 9 магистраль тік құбыр жүргізілген.

Бұл бөліктер жеті қабатты құрайды, олардың әрбір қабатында сегіз тік су тарату құбыры орналастырылған. Осы деректер негізінде мен аксонометриялық сызбаны әзірледім.

Диплом жобасында жертөле және жылы шатыр қарастырылған. Жертөле кеңістігі құрғақ, таза, жарықтандырылған және желдетілетін болуы қажет. Жертөле ішіндегі ауаның температурасы +5 °С-тан төмен болмауы тиіс, ал салыстырмалы ылғалдылық 60%-дан аспауы керек. Шатыр кеңістігінде ауа температурасы +12 °С-тан төмен болмауы керек, сонымен қатар бұл бөлме тұрақты түрде желдетіліп, СанНжЕ 2.1.2.2645-12 стандартына сай санитарлық-эпидемиологиялық нормаларға сәйкес болуы қажет.

Ыстық сумен қамту жүйесінің құбырларының материалы МЕСТ 10704-91 стандартына сәйкес таңдалады. Құбырлар жылу оқшаулауымен, атап айтқанда жылуөткізгіштігі 0,046 Вт/(м·°С) болатын көбіктенген полиэтиленнен жасалған АСЛ маркалы оқшаулау материалымен қапталады.

Су құбырларына жүргізілетін гидравликалық есептеудің басты мақсаты — құбырлардың диаметрлерін дұрыс таңдау, қажетті қысым мөлшерін және ыстық судың есептік шығынын анықтау.

Аксонометриялық сызба негізгі магистральдарға бірізді түрде қосылған сегіз тік су таратқыш құбырлардан тұрады. Бұл тік құбырлар арқылы ыстық су жоғары деңгейден төменге қарай жеткізіледі.

Кесте 1.2 – Ыстық сумен жабдықтау жүйесінің гидравликалық есебі

Учаске нөмірі	N	P	NP	a	q	d	v
1--2	3	0,012	0,037	0,226	0,339	25	0,69096
2--3	6	0,012	0,074	0,271	0,4065	25	0,82854
3--4	9	0,012	0,111	0,309	0,4635	25	0,94471
4--5	12	0,012	0,149	0,343	0,5145	32	0,64005
5--6	15	0,012	0,186	0,373	0,5595	32	0,69603
6--7	18	0,012	0,223	0,389	0,5835	32	0,72589
7--8	21	0,012	0,260	0,425	0,6375	32	0,79307
8--9	24	0,012	0,297	0,449	0,6735	32	0,83785
9--10	27	0,012	0,334	0,467	0,7005	40	0,55772
10--11	30	0,012	0,371	0,493	0,7395	40	0,58877
11--12	33	0,012	0,409	0,51	0,765	40	0,60908
12--13	36	0,012	0,446	0,534	0,801	50	0,40815
13--14	39	0,012	0,483	0,55	0,825	50	0,42038
14--15	42	0,012	0,520	0,573	0,8595	50	0,43796
15--16	98	0,012	1,213	0,86	1,29	63	0,41404
16--17	112	0,012	1,387	0,927	1,3905	63	0,44629
17--18	154	0,012	1,907	1,12	1,68	63	0,53921

1.2-Кестенің жалғасы

Учаске нөмірі	N	P	NP	a	q	d	v
18--19	196	0,012	2,427	1,261	1,8915	75	0,42837
19--20	238	0,012	2,947	1,416	2,124	75	0,48102
20--21	252	0,012	3,120	1,437	2,1555	90	0,339
21--22	294	0,012	3,640	1,604	2,406	90	0,37839

1.6 Ыстық сумен жабдықтау жүйесінік сипаттамасы

Ыстық сумен жабдықтау жүйесі келесі негізгі элементтерден тұрады:

– ыстық су өндіруге арналған жабдықтар,

– тарату және айналмалы құбырлар,

– су қабылдаушы құрылғылар.

Суға қойылатын талаптар СанНжЕ 2.1.3684-21 "қалалық және ауылдық елді мекендерді санитарлық ұстауға, су көздеріне, ауыз су сапасына және сумен жабдықтауға, атмосфералық ауа мен топырақтың сапасына, тұрғын және қоғамдық үй-жайларды пайдалануға, сондай-ақ санитарлық-эпидемиологиялық алдын алу іс-шараларын ұйымдастыруға қойылатын санитариялық талаптар" құжатына толық сәйкес болуы тиіс.

Жергілікті жылу пункті (ЖЖП) тұрғын үй ғимаратының жертөлесінде, жылу желісінің кірісіне жақын орналасқан. Бұл торап су есептегіш құрылғымен, SLE маркалы жылытқышпен және айналым сорғысымен жабдықталуы қажет.

Шахталар ішінде тік құбырлар мен ішкі су жүйелері орнатылады. Полипропилен құбырлары жасырын әдіспен төселеді. Ас үй, жуынатын бөлме сияқты әрлеу жұмыстарына жоғары талап қойылатын аймақтарда да құбырлар қабырға ішіне жасырылады. Құбырлар кемінде 0,002 еңіспен төселіп, K-Flex типіндегі жылу оқшаулағышпен қапталады.

Пәтерлерге ыстық суды жеткізу қалыңдығы 9 мм жылу оқшаулағышы бар, PN20 маркалы (диаметрі 25х4,2–20х3,4) полипропилен құбырлары арқылы іске асырылады. Ванна бөлмелерінде сөндіргіш арматурамен жабдықталған сүлгі кептіргіштер орнатылады. Жүйедегі ауаны шығару үшін жоғарғы нүктелерге автоматты ауа шығаратын клапандар (вентилдер) орнатылады.

1.7 Суық сумен жабдықтау жүйесінік сипаттамасы

Суық сумен жабдықтау жүйесі келесі негізгі элементтерден тұрады:

– қалалық су құбырынан су енгізу торабы,

– жертөледегі ішкі су тарату құбырлары,

– тігінде орналасқан көтергіштер,

– пәтерішілік су тарату жүйелері,

– су қабылдаушы санитарлық құрылғылар.

Су сапасына қойылатын талаптар СанНжЕ 2.1.3684-21 талаптарына сай болуы тиіс. Ауыз су тұрғындардың денсаулығына қауіпсіз, органолептикалық көрсеткіштері және химиялық құрамы бойынша нормативтерге сәйкес болуы қажет.

Су өлшеу тораптары ғимараттың жертөлесінде, кіріс құбырларында орналасқан. Олар есептегіш құралмен, кері клапанмен, шығынды реттейтін арматурамен және қажет болған жағдайда фильтрмен жабдықталады. Суық суды тұтыну көлемін нақты есептеу үшін көп Сарқынды су есептегіштер қолданылады.

Шахталарда тік көтергіш құбырлар орналастырылып, олардан пәтерлерге тарату құбырлары жүргізіледі. Полипропилен құбырлары суық су үшін жасырын немесе ашық әдіспен төселеді. Әрлеуге жоғары талап қойылатын бөлмелерде құбырлар қабырғаларға немесе еден астына жасырылады.

Құбырлар кемінде 0,002 еңіспен төселіп, жүйе ішіндегі суды толық ағызуға мүмкіндік береді. Құбыр материалдары ретінде PN20 немесе PN25 маркалы полипропилен құбырлары таңдалады. Құбырлардың диаметрі гидравликалық есептеулерге сәйкес анықталады, ал қозғалыс жылдамдығы 0,6–1,2 м/с шегінде болуы тиіс.

Пәтерлерге суды тарату жүйесінде әрбір санитарлық құрылғы алдында жеке ажыратқыш арматуралар және қажет жағдайда фильтрлер орнатылады. Барлық құбырлар суық су әсерінен конденсат түзілуін болдырмау мақсатында жылу оқшаулағыш материалмен (мысалы, K-Flex) қапталады.

1.8 Су мөлшерін есептегішін таңдау және орнату

Су өлшегіштің шартты өтуінің диаметрі тәулігіне судың орташа сағаттық шығыны, максималды су тұтынудың жалпы максималды сағаттық шығыны және тәулігіне судың есептік тәуліктік шығыны негізінде таңдалады.

Ең қолайлы есептегішті таңдау үшін ең жақын екі диаметрді алыңыз (32 мм және 40 мм). Қысымның жоғалуын салыстыра отырып, ең қолайлы таңдалады. Суық судың қанатты есептегіштеріндегі қысымның жоғалуы 5 м-ден аспауы керек.

Диаметрі 15 мм есептегіштің гидравликалық кедергісі S=0,069 м3/(м3/сағ)2-ге тең. Осы шаманы біле отырып, ғимаратқа кіре берістегі есептегіштегі қысымның жоғалуы анықталады:

$$h\text{сч}=S\cdot q2 \qquad (1.16)$$

$$h\text{сч}=0{,}69\cdot(2{,}406)^2=3{,}98.$$

мұндағы s-есептегіштің гидравликалық кедергісі.

Диаметрі 15 мм есептегіштің гидравликалық кедергісі *S*=0,069 м3/(м3/сағ)2-ге тең.

Бұл суық су есептегішіндегі қысымның жоғалуы м құрайды, бұл h шартына сәйкес келеді.

Есептік деректерге сүйене отырып, диаметрі 15 мм су есептегіші қабылданды (1.2 – сурет), сонымен қатар бұл есептегіш өте кең таралған және жұмыс істеуге ыңғайлы.

Су есептегіштерін орнату және пайдалану шарттарына қойылатын талаптарды анықтайды. Онда монтаждау ерекшеліктері нақты көрсетілген.

Бұл құжат ҚР Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 тамыздағы № 621 бұйрығымен бекітілген. Онда сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінде қолданылатын есептегіш құрылғыларды дұрыс таңдау, монтаждау және пайдалану тәртібі белгіленген.

Жертөледе орналасатын (1.2 – сурет) су есептегіш мынадай мақсаттарда қолданылады:

Коммерциялық есеп жүргізу — тұтынылған судың нақты көлемін есептеп, дұрыс төлем жасауға мүмкіндік береді.

Ағып кетуді бақылау — сумен жабдықтау жүйесіндегі судың шығынын бақылап, ықтимал ағып кетулерді анықтауға көмектеседі.



1 - Турбиналық су өлшегіш; 2 – Манометр; 3 – Түскіші бар муфталы шарлы кран; 4 – муфталы шарлы кран; 5 –бұрандалы арматура; 6 - Кран LD; 7 - торлы магнитті сүзгі ФМФ-80; 8 - Кері фланец клапаны

1.2– сурет- Жертөле су өлшегіші

Нормативтік талаптарға сәйкестік — заңнамада көзделген су есебін жүргізу ережелерін орындауға мүмкіндік береді.

Жертөле су есептегішінің негізгі сипаттамалары

Жертөле су есептегішін таңдағанда және орнатқанда келесі техникалық көрсеткіштер ескерілуі тиіс:

Шартты өту диаметрі (DU) – есептегіш құрылғы судың орташа сағаттық шығынына сәйкес таңдалады.

Метрологиялық класс – судың шығынын қаншалықты дәл есептейтінін көрсетеді.

Температуралық режим – есептегіш құрылғы жүйедегі судың нақты температурасына бейімделуі қажет.

Сүзгілердің болуы – есептегіш ішіне түсетін механикалық қоспалардан қорғайды.

